**Қазақстан Республикасы**
**Статистика агенттігі**
Агентство Республики Казахстан
по статистике

**«Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіруі және қалдықтары туралы есебі»**
**1-Ө (жылдық) статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**
Инструкция по заполнению статистической формы 1-П (годовая) «Отчет предприятия о производстве и остатках продукции (товаров, услуг)»

## 1. Статистикалық байқаудың мақсаты

Осы нысанның байқау мақсаты заттай және құндық көріністердегі өндірілген өнімнің және өнеркәсіптік сипаттағы көрсетілген қызметтердің көлемін анықтау болып табылады.

## 1. Цель статистического наблюдения

Целью наблюдения данной формы является определение объема произведенной продукции и оказанных услуг промышленного характера в натуральном и стоимостном выражениях.

## 2. Респонденттер тобы

Көрсетілген нысанды экономикалық қызмет түрлерінің (10-37,40,41) сыныптауышына (ЭҚЖС) сәйкес қызметтің негізгі және қосымша түрі "Өнеркәсіп" болып табылатын, заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелері толтырады және жыл сайын мемлекеттік статистика органдарына табыс етеді.

## 2. Круг респондентов

Указанную форму заполняют и представляют ежегодно в органы государственной статистики юридические лица и их структурные подразделения с основным и вторичным видом деятельности «Промышленность» согласно классификатору видов экономической деятельности ОКЭД (10-37,40,41).

## 3. Нысанда қолданылатын терминдер мен анықтамалар

**Өндірілген өнім (тауар, қызмет) көлемі** – өзінің күрделі құрылыс тараптарына және өнеркәсіп емес бөлімшелерге өткізуге немесе өзінің қызметкерлеріне еңбек ақы есебінде беруге арналған кәсіпорындардың өзі шығарған (өз шикізаты және материалдарымен қатар, тапсырыс берушінің шикізаты және материалдарынан дайындалған), барлық дайын бұйымдардың (өнімдердің), жартылай фабрикаттардың, сондай-ақ тапсырыс бойынша орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер құны.
Қосылған құн салығысыз, акциздерсіз, ішкі зауыт айналымсыз, аяқталмаған өндіріссіз және алыс-беріс шикізатсыз есептеледі.

**Ішкі зауыттық айналым** – ол кәсіпорынның өзі өндірген дайын өнімдер және жартылай дайын фабрикаттардың ішінен өзінің өнеркәсіптік-өндірістік қажеттіліктеріне (осы кәсіпорынның негізгі құралдарының құрамына жататын өнімдерден басқа) пайдаланған бөлігінің құны.

**Аяқталмаған өндірісі** – ол кәсіпорынның жекелеген құрылымдық бөлімшелерінде дайындалып, аяқталмаған өнім.

**Алыс-беріс шикізаты** – басқа кәсіпорындарға өнім өндіру үшін өнеркәсіптік өңдеуге берілген тапсырыс берушінің шикізаты.

**Дайын өнім қалдықтары** – ол өндіруші-кәсіпорынның қоймаларындағы өзі өндірген өнімнің барлық түрлерінің қалдықтары.

Өндірілген өнімдердің көлеміне жататын **өнеркәсіптік сипаттағы қызметтерге:**
- жабдықтарды, көлік құралдарын, механизмдерді, приборларды және басқа өнімдерді жөндеу, жаңғырту және техникалық қызмет көрсету;
- алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстар (мұнай өндіруші кәсіпорындардағы мұнай; полиграфия өнеркәсібіндегі баспа; қант алу үшін қант құрағын, қант қызылшасын қайта өңдеу; металл сынықтарынан түсті металдар алу және т.б.);
- материалдарды, бөлшектер мен тораптарды жартылай өңдеу бойынша, басқа кәсіпорындармен дайындалған бұйымдарды толық дайындауға дейін жеткізу бойынша жекелеген операциялар (мысалы, тақтай, әйнек, қағаз, сымдарды стандартты көлемдегі бұйымдарға кесу, тегістеу, мырышпен қаптау, қалыптау және т.б.);
- мұнай және газ өндірумен байланысты қызметтер: бағытталған бұрғылау және қайта бұрғылау, қайтымды-ілгерілемелі бұрғылау, бұрғы мұнарасын салу, оны жөндеу және бөлектеу, мұнай және газ ұңғымаларының жағалау құбырларын цементтеу, ұңғымаларды тартып шығару, бітеу, жою және т.б.;
- электр энергиясын, газ тәріздес отынды құбырлармен тарату бойынша (магистральдық құбырлардан басқа), су, ыстық су және бумен жабдықтау қызметтері жатады. Бұл орайда, электр энергиясы, жылу энергиясы, су және газдың құнын қоспағандағы қызмет көрсету көлеміне тек «таза қызмет көрсету» (электр энергиясын беру, сату бойынша, электр энергиясын тарату бойынша, бумен және ыстық сумен жабдықтау бойынша, суды жинау және шығару бойынша, суды тазалау бойынша, суды тарату бойынша, газ тәріздес (құбырлық) отынды тарату және сату бойынша қызметтер), енгізілетінін ескеру қажет.

## 3. Термины и определения, используемые в форме

**Объем произведенной продукции (товаров, услуг)** – это стоимость всех выработанных предприятием готовых изделий (продуктов), полуфабрикатов своей выработки (как из своего сырья и материалов, так и из сырья и материалов заказчика), предназначенных для реализации на сторону своему капитальному строительству и своим непромышленным подразделениям, выдачи своим работникам в счет оплаты труда, а также работ и услуг промышленного характера, выполненных по заказам.
Исчисляется без налога на добавленную стоимость, акцизов и без внутризаводского оборота, незавершенного производства и стоимости давальческого сырья.

**Внутризаводской оборот** – это стоимость той части выработанных предприятием готовых изделий и полуфабрикатов, которые используются предприятием на собственные промышленно-производственные нужды (кроме продукции, зачисленной в состав основных средств данного предприятия).

**Незавершенное производство** – это продукция, незаконченная изготовлением в отдельных структурных подразделениях предприятия.

**Давальческое сырье** – это сырье, принадлежащее заказчику, переданное на промышленную переработку другим предприятиям для производства из него продукции.

**Остатки готовой продукции** – это остатки на складах предприятия-производителя всех видов продукции собственного производства.

**К услугам промышленного характера,** включаемым в объем произведенной продукции относятся**:**
- ремонт, модернизация и техническое обслуживание оборудования, транспортных средств, механизмов, приборов и другой продукции;
- работы по переработке давальческого сырья (нефти на нефтеперерабатывающем предприятии, печатание в полиграфической промышленности; переработка сахарного тростника, сахарной свеклы для получения сахара; получение цветных металлов из металлолома и т.д.);
- отдельные операции по частичной обработке материалов, деталей и узлов, по доведению до полной готовности изделий, изготовленных другими предприятиями (например, резка на стандартные изделия досок, стекла, бумаги, проволоки, шлифовка, оцинковка, штамповка и др.);
- услуги, связанные с добычей нефти и газа: направленное бурение и перебурение, возвратно-поступательное бурение, строительство буровой вышки, ее ремонт и демонтаж, цементирование обсадных труб нефтяных и газовых скважин, выкачивание скважин, забивка и ликвидация скважин и т.д.;
- услуги по распределению электроэнергии, газообразного топлива по трубопроводам (кроме магистральных трубопроводов), воды, снабжению паром и горячей водой. При этом следует учесть, что в объем услуг включаются только «чистые услуги» (услуги по передаче, по продаже электроэнергии, по распределению электроэнергии, по снабжению паром и горячей водой, по сбору и подъему воды, по очистке воды, по распределению воды, по распределению и продаже топлива газообразного трубопроводного), т.е. без стоимости электроэнергии, теплоэнергии, воды, газа.

## 4. Әдіснамалық түсініктемелер

Егер қалалы және ауылды жерде өнім өндіретін бірнеше цехтар болса, онда 1 бөлімде өнеркәсіп өнім көлемі қай жерде ең көп өндірілсе, сол жерді көрсету қажет.
Алыс-беріс шикізатынан дайындалған өнім (2 бөлім 1 баған), өнім (тауар, қызмет) көлеміне өңдеу құны бойынша, яғни алыс-беріс шикізатының құнын есепке алмағанда енгізіледі.
Алыс-беріс шикізат құны (2 бөлім 6 баған) өңір немесе республика бойынша өнімнің орташа бағадан шығатынын анықтау керек.
3 бөлімдегі 1, 5 бағанында жалпы шығырылым, яғни шығарылым кәсіпорындардың өз мұқтаждарына пайдаланған өнімді есепке алып көрсетіледі.
Өткен жылдағы заттай көріністе өндірілген өнім көлемі (3 бөлім 5 баған) мына жағдайларда толтырылады:
- кәсіпорында құрылымдық өзгерістер болған жағдайда;
- өнеркәсіп өнімінің статистикалық сыныптауышында өзгеріс болған жағдайда.
Қосымша қызмет түрлері бойынша өндірілген өнімдердің көлемі 10-37, 40, 41 кодтан басқа ЭҚЖС-тың барлық қызмет түрлері бойынша толтырылады.

## 4. Методологические пояснения

При наличии нескольких цехов, производящих продукцию в городской и сельской местностях, указать в разделе 1 ту местность, где производится наибольший объем промышленной продукции.
Продукция, изготовленная из давальческого сырья, в объем продукции (товаров, услуг) (гр.1 разд. 2) включается по стоимости обработки, т.е. без учета стоимости давальческого сырья.
Стоимость давальческого сырья (гр.6 разд. 2) следует определить, исходя из средней цены продукции по республике или региону.
В гр. 1, 5 разд. 3 показывается валовой выпуск, т.е. выпуск с учетом продукции, использованной на собственные нужды предприятия.
Объем произведенной продукции в натуральном выражении за предыдущий год (гр.5 разд. 3) заполняется:
- в случае структурных изменений предприятия;
- в случае изменения статистического классификатора промышленной продукции.
Объем произведенной продукции по вторичным видам деятельности (гр.1 разд. 4) заполняется по всем видам деятельности ОКЭД, за исключением кодов 10-37, 40, 41.